

**Тақырыбы: Кеңестік
Қазақстанды қайта құру
әрекеттері (1985-1991 жж.)**

Жоспары:

- 1. Дағдарыс алдындағы қоғамның жағдайы**
- 2. Қайта құру бағытының қарама-қайшылығы**
- 3. Қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қайшылықтар**

Дағдарыс:

1. Саяси сала:

- Басшылықтың өзгерістерді жүзеге асыру қажеттігін түсінуге қабілетсіздігі;
- Қоғамдық өмірдің, экономикалық қызметтің, азаматтардың жеке өмірінің бір орталықтан басқарылуы;
- Партиялық және мемлекеттік қызметтердің бірігуі мен төрешілденуі;
- Заңдылықтың бұзылуы;
- Жариялылықтың болмауы

2. Экономикалық сала:

- Шаруашылықты жүргізудің шығындық тәсілі;
- Ғылыми-техникалық және технологиялық прогресте артта қалушылық;
- Бақылаусыз басқару аппараты;
- Шығындық тәсіл;
- Инфляция;
- Тауар зәрулігі.

3. Әлеуметтік сала:

- Тұрмыс деңгейінің нашарлауы;
- Әлеуметтік әділеттіліктің жиі бұзылуы;
- Күнделікті тіршіліктің бұрмалануы;
- Ұлтаралық қатынастардағы шиеленістер;
- Қоғамға жат әрекеттердің орын алуы

- 1982 ж. 10/11 – Л.И.Брежнев қайтыс болды;
- Партия мен үкімет басшылығына Ю.В. Анропов келді (1982-1984 жж);
- 1984 ж. К.У.Черненко КОКП ОК бас хатшылығына тағайындалды (1984-1985 жж);
- 1985 ж. КОКП ОК бас хатшысы қызметіне М.С.Горбачев сайланды (1985-1991 жж)

- 1985 жылғы сәуір КОКП ОК Пленумында әлеуметтік-экономикалық өмірдің мәселелеріне жаңаша қарауға әрекет жасаланды.

М.С.Горбачев саясатының ұрандары:

- жариялылық;
- жеделдету;
- қайта құру.

Қайта құру бағытының қарама-қайшылығы:

- Жеделдету бағыты анық бағдарламасыз негізде жүргізілді;
- Әлеуметтік және экономикалық дағдарысты мемлекеттік жүйені қайта құру арқылы емес, жекелеген шаралардың көмегімен жоюға болады деп есептеді;
- Жеделдету бағыты жекелеген басшылар болып жарияланды.

- 1988 жылғы маусым –КОКП –ның ХІХ Бүкілодақтық конференцияда қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне талдау жасалды. Шешімдері:
 - Саяси жүйеге реформа жүргізудің қажеттігі;
 - демократияландыру мен жариялылық;
 - төрешілдікке қарсы күрес;
 - халықтық реформа жүргізу;
 - әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын жүзеге асыру.

- 1986 жыл ақпан –наурыз –Қазақстан Компартиясының XVI съезі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың себептеріне талдау жасамай, жекелеген кемшіліктерді сынаумен шектелді;
- 1986 жылғы 16 желтоқсан –Қазақстан Компартиясы ОК –нің VI Пленумында ұйымдастыру мәселесі қаралды. Шешімі:
 - КОКП ОК хатшысы Д.А.Қонаев қызметінен алынды;
 - Қазақстан үкіметінің басшылығына Г.В. Колбин тағайындалды (1986-1989 жж).

- Қоғамда жарияланған мақсаттар мен нақты өмір сүру арасындағы күрделі қайшылық нәтижесі 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасына әкеліп тіреді.
- 1986 ж. 17 желтоқсан – Алматыда жаппай толқу басталды. Басты себебі: орталықтың өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаған демократиялық ұстанымдар арасындағы қарама-қайшылықтар

- Партия комитеттері мен өкімет тарапынан бақылаусыздыққа жол берілді:
- 8,5 мыңнан астам адам ұсталып, қала сыртына әкетілді;
- 1720 адам жарақат алды;
- 99 адам айыпталып, бас бостандығынан айырылды, 2 адам ату жасана кесіліп, 83 адам – 1,5 жылдан-15 жылға дейін бас бостандығынан айырылды;
- 52 адам партия қатарынан шығарылды;
- 246 студент оқудан шығарылды және т.б жағдайлар орын алды.